# Ой

*Асықпай*

Сөзі Нұрмияш Көбеновтікі
Әні Жақсылық Мұқановтікі




1. Даланың самалы секілді,
Таулардың қойнауын құлаған.
Түбегей ойларым не түрлі,
Ұйқымның ұясын ұрлаған.

2. Ой көлі қайықтай тербетіп,
Ескексіз айдында қалғандай.
Көңілдің көктемі желдетіп,
Бір сәтке дүр етер ормандай.

3. Дүр етіп ормандай бір сәтте,
Ойымның сырлары ашылар.
Бірақ бір асылын әлі де,
Әлі де таптырмай жасырар.